

## REFERENCES

1. Vidova O., *Nursultan Nazarbaev. Portret cheloveka i politika. Almaty, 1998 (in Russ)*.
2. Dzhunusova Zh.H., *Respublika Kazahstan. Prezident. Instituty demokratii. Almaty. ZhetiZhargy, 1996 (in Russ)*.
3. Majlybaev B.A., *Institut Prezidenta, tradicii demokraticeskogo konstitucionalizma i opyt RespublikiKazahstan Almaty. tipografija Kompleks, 1998 (in Russ)*.
4. Sapargaliev G.S., *Osnovy gosudarstva i prava RK Almaty, Bilim 1997 (in Russ)*.
5. Nazarbaev N.A., *V potoke istorii. Almaty. Atamura, 1999 (in Russ)*.
6. Gorovic V.S., *Donal'd L. Razlichija demokratij. Vek XX i mir, 1999 (in Russ)*.
7. Ertysbaev E.K., *Kazahstan i Nazarbaev. Logika peremen Almaty, Zhetizhargy, 2001 (in Russ)*.

ӘОЖ 338.43(574)

### А.Б. БЕДЕЛҚАНОВА, Т.А. АБЫЛҒАЙХАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,  
Өскемен қ., Қазақстан

#### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада шаруа қожалықтарының басқа құрылымдарға қарағандағы ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар шаруа қожалықтарының нарықты экономикадағы негізгі іс-әрекеттері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** шаруа қожалығы, кәсіпкерлік, экономика, инновация, кооператив, технология.

#### СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ КАЗАХСТАНА

В статье рассмотрены особенности крестьянских хозяйств по сравнению с другими формированиями. А также показаны основные виды деятельности крестьянских хозяйств в рыночной экономике.

**Ключевые слова:** крестьянское хозяйство, предпринимательство, экономика, инновация, кооператив, технология.

#### CURRENT STATE OF COUNTRY FARMS OF KAZAKHSTAN

In article features of country farms in comparison with other formations are considered. And also it is shown primary activities of country farms in market economy.

**Keywords:** country economy, business, economy, innovation, cooperative, technology.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Агроөнеркәсіп кешенін серпінді дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөліп, еліміздің алдына маңызды міндеттер қойып отыр. Бұл міндеттердің уақтылы әрі сапалы орындалуы еліміздің ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін артты-

рып, азық-түлік қауіпсіздігі мен экспортты әртарапандыруды қамтамасыз етуге зор ықпалын тигізеді. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ДЖӨ-дегі ауыл шаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы тиіс», – деп атап көрсетті [1].

Ел немесе аймақ экономикасындағы ауыл шаруашылығының рөлі оның құрылымын және даму деңгейін көрсетеді. Ауыл шаруашылығы маңыздылығының көрсеткіші ретінде осы шаруашылықтағы белсенді халық үлесі, сонымен қатар саланың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің көрсеткіші табылады.

Ауыл шаруашылығы – ел экономикасының дамуында маңыздылығы жоғары, негізгі салаларының бірі. Ол халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етеді. Ауыл шаруашылығының даму деңгейі көбінесе елдің экономикалық қауіпсіздігін анықтайды. Қазақстанның ауыл шаруашылығында қолайлы жерлері көп болғандықтан, әлем нарығында бәсекелестікке қабілетті агроөнеркәсіп секторын дамытуға барлық мүмкіндіктері бар. Оған қоса, халықтың жартысынан астамының әлеуметтік жағдайы ауылдық аймақтарымен тығыз байланысты.

Қазіргі таңда ауылдық жерлерде көптеген отбасылар өздерінің жерлерін кооперациялық бірлесу негізінде біріктіріп, кооперативтік түрдегі шаруашылықтар құруда. Себебі, біріншіден, шаруа қожалықтары өз бетімен шаруашылық жүргізуге қаржы және біліктілік деңгейі жағынан әлсіздік көрсетуде; екіншіден, ауылдық жерлерде өндірістік, әлеуметтік-мәдени, нарықтық инфрақұрылым қажетті деңгейде қалыптаспаған, оны мемлекеттік немесе жергілікті бюджет жеткілікті дәрежеде қаржыландыра алмауда; үшіншіден, ауылдық жерлерде шаруа қожалықтарына өз уақытында сенімді қызмет көрсететін өндірістік инфрақұрылым жоқ; төртіншіден, жеке адамдарға бөлініп берілген ауыл шаруашылығы техникасы тозған және қазіргі заманның талаптарына жауап бермейді, жаңа техника алуға қаражаттары жеткіліксіз, сондықтан, қажетті техниканы бірлесіп сатып алып, бірге пайдаланған қолайлы әрі тиімді.

Шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар санының көбеюі – нарықтық қатынастардың орныққанының айқын белгісі. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, әлемнің көптеген елдерінде фермерлік шаруашылықтар аграрлық сектордың негізгі өндірістік буыны екені белгілі, олардың санының біздің елімізде еселеп өсуі осы заңдылықтың бір дәлелі.

Елімізді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін нарықты экономикаға икемді өнім өндіруші жеке тұлғаларды қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор. Соның ішінде, шаруа қожалықтары басқа шаруашылықтарға қарағанда еркін, шағын және сапалы өнім түрін шығаруға едәуір қолайлы болып келеді. Оны шетел тәжірибелерінен анық көруге болады.

Шаруа-кәсіпкерді қалыптастыру нарықты экономикада жоғары кәсіби білікті талап етеді. Шаруа қожалықтарының басқа құрылымдарға қарағандағы ерекшеліктері:

– жер ресурстарын тиімді пайдалана білуі, ауылшаруашылық саласына ыңғайлы болуы, шаруашылықты жүргізуде икемді болуы, іскерлік келісімдерге дайындығы және тәуекелділігі жатады;

– шаруа қожалығы өз қызметінің бағыт-бағдарын, өндірісінің құрылымы мен көлемін дербес айқындайды, өнімді өндіреді, ұқсатады және сатады, шаруашылық жүргізумен байланысты басқа да мәселелерді шешеді [2].


Шаруа қожалығы – шаруа жанұясының өмір сүруінің негізгі көзі. Өндірісті ұлғайту арқылы жоғары деңгейлі тауар өндіруді көздейді. Шаруа қожалығы – аграрлы секторда жанұя ретінде өндіріспен айналысушы тұлға. Ол жанұя болып қызмет атқаратындықтан өндірістегі өнім сапалы және қызмет түрі де тиімді болады. Шаруа өз жанұясының қажеттілігін қанағаттандыру үшін аянбай еңбек етеді және мол пайда алуға тырысады. Яғни, шаруа іс-әрекеті еркін, нарықтық экономикаға икемді, шешімді өзі және мүшелері арасында дербес қабылдайды. Шаруаның қызметі, іс-қимылы жөнінен кәсіпкер ретінде қабылдауға болады. Ол өнім өндіруші, өндірісті басқарушы, тауарды өткізуші қызметтерін атқарады. Дербес іс-әрекет жасау арқылы мол өнім мен мол табыс алуға ұмтылуы кәсіпкер-шаруа екендігін айқындай түседі. Мұнда, шаруа қожалықтарының басшысы, яғни қожайынының еңбек өнімділігін арттыруға деген ынтасы зор болады, ал бұл өз кезегінде тиімділіктің өсуіне және өндірілген өнімнің арзандауына алып келеді.

Яғни шаруа қожалығының басты мақсаты – мол табыс алу. Табыс табуға әрбір шаруа жеке отбасы болып, әртүрлі топтағы бірлескен адамдар болып қызмет атқарады. Шаруа қожалықтарының ерекшелігі отбасылық шаруашылықтарына негізделген.

Шаруа қожалықтары жерді тиімді пайдалану жөнінен және егін шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамыту, жетілдіру жөнінен басқа шаруашылықтарға қарағанда қолайлы, икемді. Шетелдерде бір отбасы жанұялық шаруа қожалықтарын жоғары бағалайды. Өйткені өзінің жеке жанұялық шаруашылығы болғандықтан жұмысты өте қызығушылықпен және мол табыс алуға өте зор ынтамен еңбектенеді. Жалдамалы жұмыскерлерге қарағанда шаруа көп еңбектенеді және өз жұмысын жетілдіру барысында көп ізденеді. Ол өз жерін тиімді пайдаланып, оның құнарлы болуына және мол өнім өндіруге барынша күш салады. Техника мен өндіріске ұқыпты әрі жаңа техниканы игеруге талаптанады. Дамыған елдерде шаруа қожалықтары толығымен автоматтандырылған. Шаруашылық қызметті ұйымдастыруда жер, еңбек, капитал секілді ресурстарды шаруа қожалығының міндеттері мен мақсатына сай келетіндей етіп пайдалануды ұйымдастыру жұмысы жүргізіледі. Өз қызметінің алғашқы кезеңінен-ақ шаруа өзіндегі бар материалды және қаржы ресурстарына қарай өндіріс көлемін жоспарлауға тырысады. Кәсіпкерлік мүдде мен нарықтағы қалыптасқан қиын

жағдайлар шаруаны ұтымды шешімдер қабылдауға ынталандырады.

Шаруа қожалықтарының қызметіне әсер ететін негізгі факторлар келесі суретте берілген.



1-сурет – Шаруа қожалықтарының қызметіне әсер ететін негізгі факторлар

Осындай объективті сипатта болатын факторлармен қатар, кейде негізгі рөлде субъективті факторлар да кездеседі. Шаруа қожалықтарының қызметіне тәуелді емес объективті факторларға жататындар – азық-түлікке сұраныс пен ұсыныстың конъюнктурасы, қолданылатын материалды және энергетикалық ресурстардың баға деңгейі, шаруашылықтың салық ісі, несие алудың талаптары т.б. Бірнеше топтардан құралған бұл факторлар шаруашылықтың қызметіне өзіндік әсерін тигізе отырып, өндірістің тиімділігіне қажетті жағдайларды жасайды. Ал шаруашылықтың өндіріс қызметімен байланысты субъективті

факторларға – кәсіпкерлік қызметті басқарудағы ұйымдастыру-техникалық деңгейін, кәсіби дайындығын, шаруа қожалығындағы мүшелердің жеке мүдделерін, өнімді өндіру мүмкіндігін және салалық техника-технологиялық ерекшеліктерін жатқызуға болады.

Шаруа қожалықтарының дамуы мен тиімді түрде қалыптасуы олардың материалдық-техникалық, қаржылық ресурстарына тікелей байланысты. Сондықтан шаруа қожалықтарының экономикалық тиімділіктерін арттыру үшін жер, еңбек, қаржы ресурстарын тиімді пайдалану қажеттілігі туындайды.

Осы қызмет түрлерін әлемдік нарықта қызмет ете алатындай және бәсекелесе алатындай дамытып, жоғары деңгейдегі қызмет түрлері енгізілген. Олар төмендегідей: тәуекелділік, кәсіпкерлік, бәсекелестік, инновациялық (1-кесте).

1-кесте – Шаруа қожалықтарының нарықты экономикадағы негізгі іс-әрекеттері

Қызмет түрлері	Қызметтердің мазмұны
Тәуекелділік іс-әрекет	Өндірісті ұлғайтуға күрделі қаржы тарту, лизинг алуға тәуекелділік
Кәсіпкерлік іс-әрекет	Өнімді өткізуде және басқа мекемелермен келісім-шарт және тапсырыс алуға, қосымша табыс табуға, өндіріс түрлеріне байланысты фермерлерді қайта дайындау
Бәсекелестік іс-әрекет	Бәсекелестік органы қалыптастыру және жоғары деңгейде дамуға талаптану, бәсекелестер нарқын бақылау
Инновациялық іс-әрекет	Өндірісті жаңа техникамен қамтамасыз ету, жаңа технологияларды игеру, жаңа ақпараттармен қамтамасыз ету

Әрбір шаруа заман талабына сай тәуекелшіл болады. Өйткені қазіргі заманда тәуекел етпесе, шаруашылықтарға үлкен көлемде қаржылар тартылмаса, онда кәсіпорындар мен фермерлік шаруашылықтар тоқтап қалуы сөзсіз. Қазіргі таңдағы кәсіпкерлерде тәуекел ету жағы жеткіліксіз.

Нарықты экономикада қолынан іс келетін адамдар өз өндірісі үшін тәуекел етіп отырады. Мысалы, өндіріске қажетті шағын өнімді қабылдау пункттері немесе цехтар ашу үшін белгілі көлемде қаражат керек. Қаражатты алу үшін банктен ірі көлемде несие алуға тәуекел жасау керек. Себебі айналымдағы қаражат өнімді өткізуге, оны сақтауға керек болуы мүмкін. Ал банктен алынған несие белгілі бір мөлшердегі пайызбен мерзімінде қайтарылады. Ауылдық жерлерде шаруашылыққа қажетті барлық техниканы сатып алу мүмкін емес. Сондықтан оларды лизинг беруші мекемелермен келісіп, уақытша несиеге алып, пайдалануға болады [3].

Бәсекелестік іс-әрекет шаруа өндірісінің сапалы болуына ықпал етеді. Шаруа өз өнімін шығарып, нарықта оның тез өтуін бақылайды, басқа тауарлармен сапасы жөнінен бағасы туралы бәсекеге түседі. Шаруа қожалықтары өз өндірісінің құрылымын өз бетінше белгілейді. Алынатын табыс шаруа қожалығының меншігі болып саналады, ал дайын өнім көтерме сауда бағасымен, келісімді немесе басқа баға бойынша өткізіледі. Бұл баға ұдайы өндірістің өзін-өзі қаржыландыруын қамтамасыз ете алады.

Нарықты экономика барысында көрсетіп отырғандай, шаруа қожалықтары ауыл шаруашылығы жерлерінде өте жоғары көрсеткіштерді белгілейді. Шаруа қожалықтарындағы өндіріс тиімділігі – өнімдерді өткізу барысында түскен табыстардың кеткен шығындарға қатынасы, яғни шикізатты өңдеу маманданған саласына байланысты мал шаруашылығы болса, мал өсіруге кеткен шығындар: жем-шөп сатып алу, циклді жұмысшыларды жалдау, өндіріске қажетті техникаларды сатып алу және жаңарту, мал баспаналарын салу, тері илеу және оны дайындау, сақтау т.б. шығындарды өтеуден қалған табыстарды тиімді пайдалану [4].

Сонымен, ауыл шаруашылығының қай саласында болсын міндетті түрде қойылатын талап – әрі көп, әрі сапалы, әрі арзан өнім алу. Яғни өндіріс тиімділігі ең алдымен қоғамда қажетті өнім өндіру деңгейімен анықталады, сонан соң барып оның қандай шығынмен түсетіні есептеледі.

Мал шаруашылығының тиімділігін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – пайда, яғни табыстың жұмсалған шығынның артық мөлшері. Пайда шаруашылықтың жағдайын жақсартуға, жұмысшылардың материалдық игілігіне жұмсалынады.

Шаруа қожалықтарының бәсеке қабілеттілігі – өнімді сапалы шығару, оларды дайындау, өңдеу, өткізу, сату. Шаруа өз өнімін нарықта тиімді өткізу үшін өзінің бәсеке басымдылық қабілетін жоғары деңгейде жетілдіруі тиіс. Ол үшін соңғы технологияны қолданып, сапалы өнім алу қажет және ұтымды сақтап, тұтынушының көңілінен шығатындай өңдеуі тиіс.

Шаруа қожалықтарымен айналысу, ол өзіне де халыққа да пайдалы өнімдер өндірумен қатар, ел экономикасын көтеруге де барынша көмегін тигізеді. Нарықтық экономикаға өту кезеңінде шаруашылықтарды ұтымды ұйымдастыру ең басты мәселе болып саналады. Әртүрлі шаруашылықтардың дамуы барысында өндіріске қолайлы шаруашылықтар саны артып, тиімсіз шаруашылықтар жойыла бастайды. Сол сияқты, Республикада ауыл шаруашылығы саласы бойынша агроқұрылымдардан кейін саны жағынан жылдан-жылға ұлғайып, өсіп келе жатқан – шаруа қожалықтары.

Шаруа қожалықтарының қалыптасуы ол жергілікті халықты жұмыспен

қамтамасыз ету, олардың мәселелерін шешу және еңбекке деген ынтасын дамыту, тұтыну нарығын азық-түлікпен, қажетті тауарлармен толтыру. Шаруа қожалықтары дамуының қарқыны ұлғаюымен қатар, олардың өнім өндіру және ұтымды түрде тұтынушыларға жеткізу жолдарын жақсарту, яғни жетілдіру – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр.

Шаруа қожалықтарында өнім өндіру олардың табиғи-экономикалық орналасқан аймағына тікелей байланысты екендігі белгілі. Өйткені сол шаруашылықтың табиғи жағдайы, топырақ құнарлылығы, су көздері және т.б. жағдайлар, олардың қандай өнімдерді өндіру мүмкіндігін анықтауға көмектеседі. Қазіргі таңда шаруа қожалықтары жылдан-жылға көбейіп келеді. Бірақ маманданған саласына байланысты емес, жалпы өнімді өндіру бойынша қызмет атқарады. Шаруа қожалықтарының дамуы және бәсекеге қабілетті болуы үшін ол белгілі бір салаға мамандануы тиіс.

Шаруа қожалықтарын дамыту – барлық экономикалық және технологиялық талаптарды, оның ішінде асылдандыру және оған мемлекеттік қолдау көрсету мен жаңа жүйедегі машиналар мен компьютерлік техниканы пайдаланудың әдістері сияқты мәселелерді білетін шаруаларды қалыптастыру.

Сонымен, шаруа қожалығы – өзі өнім өндіріп, өзін-өзі қаржыландыратын заңды, дербес ауыл шаруашылық тұлға. Оның басты ерекшеліктері:

- өз қызметін отбасылары арқылы жүргізеді;
- жер мемлекеттік құжатпен бекітіліп берілгеннен кейін оның заңды иесі бола алады;
- барлық жағынан заңды түрде мәртебе алынып, өзінің атынан жергілікті мекемелермен шарт жасасып отырады;
- өндірілген өнімдеріне және құрал-жабдықтарына, тапқан табысына заңды түрде ие болып, қожалық жасайды, сөйтіп алған дүние мүлкі құжаттармен бекітіледі;
- өз жағдайларына, мамандандырылғанына қарай өндіретін өнімдерін, қандай технологияны пайдаланатынын, алған өнімдерін қайда, кімге сататынын өздері дербес шешеді. Ол өз табысына толық ие. Оның ішкі жұмысына ешкім араласа алмайды. Олар мемлекеттік, кооперативтік, өздері сияқты шаруа қожалықтарымен қолма-қол ақшалай немесе ақша аудару, тауарлы несие алу арқылы қарым-қатынас жасайды;
- шаруа қожалығының негізгі мақсаты – шаруалардың отбасы мүшелерін азық-түлікпен қамтамасыз ету, сонымен бірге өндірген өнімдерді сату арқылы пайда табу.

Қазіргі таңда ауылдық жерлерде көптеген отбасылар өздерінің

жерлерін кооперациялық бірлесу негізінде біріктіріп, кооперативтік түрдегі шаруашылықтар құруда. Себебі, біріншіден, шаруа қожалықтары өз бетімен шаруашылық жүргізуге қаржы және біліктілік деңгейі жағынан әлсіздік көрсетуде; екіншіден, ауылдық жерлерде өндірістік, әлеуметтік-мәдени, нарықтық инфрақұрылым қажетті деңгейде қалыптаспаған, оны мемлекеттік немесе жергілікті бюджет жеткілікті дәрежеде қаржыландыра алмауда; үшіншіден, ауылдық жерлерде шаруа қожалықтарына өз уақытында сенімді қызмет көрсететін өндірістік инфрақұрылым жоқ; төртіншіден, жеке адамдарға бөлініп берілген ауыл шаруашылығы техникасы тозған және қазіргі заманның талаптарына жауап бермейді, жаңа техника алуға қаражаттары жеткіліксіз, сондықтан қажетті техниканы бірлесіп сатып алып, бірге пайдаланған қолайлы әрі тиімді.

Шаруа қожалықтары мен фермерлік шаруашылықтар санының көбеюі – нарықтық қатынастардың орныққанының айқын белгісі. Зерттеулер көрсетіп отырғандай, әлемнің көптеген елдерінде фермерлік шаруашылықтар аграрлық сектордың негізгі өндірістік буыны екені белгілі, олардың санының біздің елімізде еселеп өсуі – осы заңдылықтың бір дәлелі. Шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын қолданбай, еліміздің экономикасын, халқымыздың әлеуметтік хал-ахуалын көтеру мүмкін емес.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егеменді Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
2. Леудтский Л. Исследование хозяйственных формирований в АПК Казахстана / Л. Леудтский. – Алматы, 2001. – С. 8-10.
3. Буздалов И. Аграрная теория: концептуальные основы и современные представления // Общества и экономика / И. Буздалов. – 2003. – №2. – С. 146-159.
4. Оспанов М.Т. Агробизнес: теориясы және тәжірибесі / М.Т. Оспанов, Р.Р. Аутов, Х.Е. Ертазин. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.

#### REFERENCES

1. Nazarbaev N.A., *Qazaqstan-2050 Strategijasy qalyptasqan memlekettin zhana sаяsi baғыty El Prezidentinin Qazaqstan halqyna Zholdauy. Egemendi Qazaqstan. 2012. 15 zheltoqsan (in Kaz).*
2. Leudtskij L., *Issledovanie hozjajstvennyh formirovanij v APK Kazahstana. L. Leudtskij. Almaty, 2001, 8, 10 (in Russ).*
3. Buzdalov I., *Agrarnaja teorija. konceptual'nye osnovy i sovremennye predstavlenija. Obshhestva i jekonomika. I. Buzdalov, 2003, 2, 146, 159 (in Russ).*
4. Ospanov M.T., *Agrobiznes. teorijasy zhane tazhiribesi. M.T. Ospanov, R.R. Autov, H.E. Ertazin, Almaty. Bilim, 1997. 320 (in Kaz).*